

**Орал «Сервис» технологиялық колледжі азаматтық қызметшілердің
бос лауазымына конкурс жариялайды:**

1. Музыкалық жетекші - 0,5 бірлік. **Біліктілікке қойылатын талаптар:** жоғары музыкалық білім немесе педагогикалық қайта даярлау туралы құжат; немесе техникалық және кәсіптік (музыкалық) білім, жұмыс өтіліне талап етілмейді.

Және (немесе) біліктілігі жоғары деңгейдегі педагог-шебер кемінде 6 жыл жұмыс өтілі болуы тиіс.

Және (немесе) біліктілігі жоғары немесе орта деңгейдегі педагог болған жағдайда: педагог-модератор үшін кемінде 3 жыл, педагог-сарапшы үшін кемінде 4 жыл, педагог – зерттеуші лауазымында кемінде 5 жыл жұмыс өтілі болуы тиіс.

2. Көркемдік жетекші - 0,5 бірлік. **Біліктілікке қойылатын талаптар:** жоғары кәсіптік немесе кәсіптік орта /музыкалық/ білімі және мамандығы бойынша жұмыс стажы 3 жылдан кем болмауы тиіс.

3. Заңгер - 0,5 бірлік. **Біліктілікке қойылатын талаптар:** тиісті мамандық бойынша жоғары білім немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі және 3 жыл жұмыс өтілі болуы тиіс.

4. «Шаштараз» мамандығы бойынша өндірістік оқыту шебері (оқыту қазақ тілінде - 1 бірлік. **Біліктілікке қойылатын талаптар:** тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі немесе жұмыс стажына талап қойылмайды немесе білім беру ұйымының бейініне сәйкес келетін ұйымдарда кемінде 3 жыл жұмыс стажы болуы тиіс және (немесе) бар болған жағдайда біліктілігі жоғары деңгейдегі жұмыс өтілі мамандығы бойынша педагог-шебер – 5 жыл және (немесе) біліктілігі орта және жоғары деңгейі болған кезде мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін кемінде 2 жыл, педагог-сарапшы үшін кемінде 3 жыл, педагог – зерттеуші кемінде 4 жыл.

5. Қабылдау бөлімінің хатшысы - 1 бірлік. **Біліктілікке қойылатын талаптар:** тиісті мамандық (біліктілік) бойынша орта техникалық және кәсіптік (орта арнайы, орта кәсіптік) білімі және жұмыс стажына талап қойылмайды немесе жалпы орта білімі және белгіленген бағдарлама бойынша арнайы дайындық болуы тиіс және жұмыс стажына талап қойылмайды.

Қажетті құжаттар тізімі:

- ✓ конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- ✓ түйіндеме;
- ✓ жеке куәлік көшірмесі;
- ✓ білімі, біліктілігі туралы құжаттар көшірмесі;
- ✓ еңбек кітапшасының көшірмесі;
- ✓ кадр есебі жөніндегі жеке іс - парақ;
- ✓ медициналық кітапша;
- ✓ сотталмағандығы туралы анықтама;
- ✓ психикалық және наркологиялық есепте тіркелмеген анықтамасы;
- ✓ фотосурет 3х4-2 дана.

Қажетті құжаттар конкурс өткізу жөніндегі хабарландыру жарияланған күннен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде мына мекен-жайға тапсырылуы тиіс: Орал қ. Циолковский көшесі, 26.

Анықтама телефоны : 23-31-38, 23-39-00.